

**ЖАҢАПҰТШЫЛДЫҚТЫ
ЗЕРТТЕУДІҢ
МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ
АСПЕКТІЛЕРІ**

Қазақстандағы діни ахуал көпқырлылығымен және күрделілігімен сипатталады. Елімізді қамтыған «діни ренессанс» дәстүрлі діндермен қатар, ескі наным-сенімдердің де жаңғыруына жол ашты. Бұл заңды құбылыс. Өйткені, рухани қайта жаңғыру көне тарих қойнауларына көз салып, көмескіленген құндылықтарды сана мен ақыл-парасат таразысынан өткізуді қажет етеді. К.Г. Юнг айтқандай, тарихтың бетбұрыс сәттері «ұжымдық көмескі сана архетиптеріне» жан бітіреді. Осындай сәттерде халықтық ұжымдық сана уақыт пен кеңістік континуумында өзінің болмыс-бітімін тұтастай қамтып, танып-түсінуге ұмтылады. Дәл осы сәттерде халықтың мың жылдық тарихы бір ұрпақтың (тіптен, жекеленген тұлғалардың) бойында тоғысады. Тұтас ұлт та, оның жекеленген өкілдері де өз руханилығында әртүрлі дүниетаным мен құндылықтардың астасып жатқанына куә болады. Әлемдік діндер көне пұтшылдық нышандарын ұжымдық-халықтық санадан түбегейлі ығыстырып шығаруға қаншама тырысқанымен оның тамырын үзіп тастай алмайды, тіпті кейде осы архетиптік образдарды жаңа діни дүниетаным тұрғысынан қайта өңдеп, өз бойына сіңіріп, жаңа мазмұн беруге ұмтылады.

Жаңапұтшылдық ұғымы мен феноменін тереңірек түсіну үшін алдымен пұтшылдық ұғымының мәнін ашып алу қажет. Пұтшылдық ұғымы әлемдік діндердің, әсіресе, монотеистік сенімнің қалыптасумен тығыз байланысты. Ибраһимдік діни дәстүрге дейін бұл ұғым актуальдандырылған жоқ, яғни иудаизм, христиан және ислам діндерінде адамзаттың осы діндердің пайда болуының қарсаңындағы кезең пұтшылдық дәуірі деген атқа ие болды.

Қазіргі дінтану ғылымында кең таралған тұжырымға сай пұтшылдық әрбір халықтың ежелгі дүниетанымына, ділі мен тіліне тән діни түсінігі. Осы ұстаным тұрғысынан пұтшылдық төмендегідей мағыналарды білдіреді.

Біріншіден, пұтшылдық көп құдайға табынушылық және онда көне заман халықтарының наным-сенімдері, әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрі көрініс табады.

Екіншіден, пұтшылдық монотеистік діндерден (иудаизм, христианшылдық, ислам) басқа діндер. Бұл көзқарас тұрғысынан – индуизм, брахманизм, буддизм, даосизм, конфуцийшілдік, синтоизм және т.б. қазіргі заманғы діндерде пұтқа табынушылық.

Ислам дінінде яһудейлер мен христиандарды кітап иелері деп атаса, басқаларды пұтқа табынушылар ретінде қарастырады. Яғни пайғамбарлар арқылы ашылмаған, адамдар тарапынан ойдан шығарылған діндер.

Үшіншіден, христиандық пен исламға дейінгі наным-сенімдерді қайта жаңғыртуға бағытталған жаңа діни қозғалыс. Бұл тұрғыдан пұтшылдық Жаратушыға емес, жаратылғанға табыну. Бұл көзқарас жаңа пұтшылдық ұғымына жақын, бірақ онымен тең емес. Өйткені, діни наным-сенімді реконструкциялау, яғни қайта қалпына келтіру әрқашан жаңа немесе қалыптасқан (бекіген, нығайған) әлеуметтік-мәдени контекст негізінде жүзеге асырылады. Бір сөзбен айтқанда, ескі діни наным-сенім дәл сол қалпында жаңғыртылмайды, оның құрлымында жаңа мағына маңызды орын алады, тіптен ерекше рөл атқарады десек те болады. Көне наным-сенім жаңа мағынаға бағындырылады және осы мағынаны бедерлендіруге, айшықтауға бағытталады.

Пұтшылдық пен жаңа пұтшылдық логикалық байланыста болғанымен, олардың арасында семантикалық алшақтық бар. Пұтшылдық діни эволюцияның бастапқы сатысына тән құбылыс болса, жаңа пұтшылдық осы эволюцияның кемелденген кезеңіндегі феномен және ол белгілі бір этностың өзінің рухани тамырларын тануға, этнобірегейлігін (этноидентификациясын) айқындауға деген ұмтылысымен сабақтасып жатады. «Нышандары халық мәдениетінен ешқашан ажырамаған көне пұтшылдық бүгінгі күні жаңа әлеуметтік-мәдени және философиялық-діни құбылыс – қазіргі заманғы жаңа пұтшылдыққа трансформациялануда», – деп атап көрсетеді Ресей зерттеушісі И.С. Резепова [1].

Жаңа пұтшылдықтың қайта жаңғыруына не себеп болады? Ең алдымен кез келген діни ілім тәрізді жаңа пұтшылдық – адам мен қоғамның іргелі мәселелерін ақылға салып, шешуге бағытталған ұмтылыстардың бірі. Бұл бағыт өкілдері қазіргі адамзатты толғандырып отырған күрделі мәселелерді шешуге дәстүрлі діндер де, қазіргі заманғы ғылым да қабілетті емес деп санайды. Жаңа пұтшылдықты қолдайтындар ежелгі заманғы архаикалық түсініктерге сүйене отырып, қазіргі адамзат қоғамының өзекті мәселелерін шешудің жолдарын анықтауға және сол арқылы болашақты айқындауға талпынады. Олардың пайымдауынша қазіргі адамзат қауымдастығы өз дамуында тұйыққа тірелді. Осы тұйықтан шығудың жолын жаңа пұтшылдар адамның жасырын немесе өркениеттік даму барысында ұмытылған (жоғалтылған) қабілеттерін қайта

қалпына келтіріп, жаңа сананы қалыптастырудан іздейді. Осы тұрғыда жаңа пұтшылдық – қазіргі заманғы қайшылықтардан туындаған діни сана мен діндарлықтың бір көрінісі.

Жаңа пұтшылдық көп қырлы құбылыс. Ол мистикалық культтерді де, емшілік практиканы да, космологиялық, әлеуметтік-антропологиялық ілімдерді де қамтиды. Бұл осы аталған құбылыстың мәндік мазмұны мен феноменологиялық аясын анықтауды қиындатады. Діни феномен ретінде жаңа пұтшылдық окулттік-парапсихологиялық тәжірибемен де, синкреттік сипаттағы діни-философиялық ілімдермен де сабақтасып жатады. Кейбір «дін қайраткерлері» ежелгі діни нанымдарды қазіргі заманғы ғылым жетістіктерімен біріктіріп, синтездеп оларға жалған ғылыми сипат таңуға ұмтылады. Бұл түсінікті, өйткені дінді де тауар деп түсінетін «рухани ұстаздар» үшін жаңа пұтшылдықта тартымды болуы қажет. Ал қазіргі қоғам үшін ғылымның беделі зор, сондықтан «рухани ізденістегі» (кей жағдайда, «рухани күйзелістегі» деген орынды болар) адамды өзіне тарту үшін бұл таптырмас тәсіл.

Дәстүрлі пұтшылдық тәрізді жаңа пұтшылдықта о дүниелік қасиетті бастауға деген сенімге негізделген діндерден мүлдем бөлек наным. Жаңа пұтшылдықта теистік түсінікпен жанаспайтын ежелгі заманғы фетишизм, магия, спиритуализм, пантеизм идеяларын, мифологиялық дүниетаным элементтері мен политеистік образдарды кеңінен қолданады. Алайда, жаңа пұтшылдық бұл идеялар мен түсініктерді шығыстың діни тәжірибесі мен дәстүрінен алынған ұғымдармен байыта түседі. Мұндай синтез теософия, антропософия, саентология, агни йога сияқты діни ілімдерден жиі байқалады.

Біздің білетініміздей, бұл діни немесе оккулттік ілімдер батыс адамының «рухани ізденістеріне» жауап ретінде пайда болды.

Жаңа пұтшылдық адам бойындағы жасырын қуат пен қабілеттерді қайта жаңғырта отырып жеке индивидуалды сананы және сол арқылы қоғамдық сананы өзгертуге талпынады. Бұл мақсатта жаңа пұтшылдық идеологтары әртүрлі айла тәсілдерге жүгінеді. Бірісі адамдағы «табиғат қуатын» қалпына келтіруді бірінші қатарға қойса (П. Иванов), басқасы оның бойындағы «құдайылық рух – титанды» оятуға мән береді (Р. Хаббард).

Жаңа пұтшылдық қазіргі заманғы мәдени-әлеуметтік шындықтың туындысы (өнімі) болғандықтан ол ежелгі діни наным-сенімдердің магия, сиқыршылдық, болашақты болжау сияқты реликтілеріне де, бал ашу, жын-періден

сақтану сияқты ырымшылдық әрекеттеріне де сай емес. Ол әлемдік діндердің ілімдері мен әдет-ғұрыптарының мәні мен мазмұнына сай қайта өңделген ежелгі магиялық түсініктерден де, мифологиялық нышандардан да өзге құбылыс. Жаңа пұтшылдықтағы жаңашылдық оның діни ілімінде емес, әлеуметтік, дүниетанымдық ұстанымында, тіпті саяси идеологиялық астарында көрініс табады. Кез келген діни ілім сияқты жаңа пұтшылдықта қоғамды, оның әлеуметтік қатынастары мен институттарын өзгертуге, кейде тіпті түбегейлі қайта құруға ұмтылады. Осы тұрғыда жаңа пұтшылдық болашақтың проекциясы, алайда болашақтың моделін жасауда ол халықтың өткен тарихына, мәдениеті мен менталитетіне, діни мен дәстүріне жүгінеді.

Бұл тұрғыда жаңа пұтшылдық ұлтшылдық қозғалыстардың идеологиялық, дүниетанымдық негізі мен ұстанымының басты аспектілерінің бірі болып табылады. «Саясатта жаңа пұтшылдық жаһанданудың бір көрінісі. Оған «мәдени ұлтшылдықтың жаңа түрін» қалыптастыру тән. Тарихшы-дінтанушы Б. Фаликов: «Өртүрлі ұлттық мәдениеттерде және тарихи дамудың әртүрлі кезеңдерінде жаңа пұтшылдық мәдениет пен тарихтан шаршаған адамдардың көмек сұрап күңіренген күрсіністеріне жауап береді. Бұл жолда ол ұлтшылдықпен де, космополитизммен де, этатизммен де, анархизммен де, тоталитарлық идеологиямен де және оның жауларымен де, элитарлықпен де және тобырлық мәдениетпен де ымыраласады. Бұл тізімді одан әрі де жалғастыра беруге болады», – деп жазады [2]. Ұлтшылдық қозғалыстар жаңа пұтшылдықты өздерінің саяси-әлеуметтік ұмтылыстарын дәйектеудің тәсілі ретінде қолдануға талпынады. Мұның ең бір сорақы көрінісі – Германия фашизмі. Өздерінің саяси идеологиясын дәйектеуде неміс ұлтшылдары көне арийлік мифологияны және наным-сенімдерді жаңғыртты. Әлемнің әр түкпірінен осындай талпыныстарды қазіргі таңда да байқауға болады. «Қазіргі Ресейдегі саяси үдерістердің өзіндік бір мүшесі Русьтің христиандыққа дейінгі наным-сенімдері мен әдет-ғұрыптарын қайта жаңғыртуды көксейтін – орыстық (славяндық) жаңа пұтшылдық қозғалысы» [3].

Жаңа пұтшылдықты саяси-әлеуметтік үдерістермен ғана байланысты және осы үдерістерден туындаған құбылыс деп қарастыруға немесе шектеуге болмайды.

Жаңа пұтшылдықтың тағы бір қыры – мәдени-философиялық талдаумен байланысты. Мәдени-философиялық парадигма бірнеше қабаттарды қамтиды. Жаңа пұтшылдықты

мәдениеттанулық тұрғыдан пайымдау ХХ ғасырдағы мәдени құбылыстарды сана рефлексиясынан өткізумен сабақтасады. Еуропалық мәдениетте бұл үдеріс романтизм бағытындағы өткен заманды әсіре бағалауда, оның идеалдары мен рәміздерін асқақтық (возвышенное) мәнерде сипаттаудан көрініс тапты. Осы кездегі рационалдықтан эпсаналыққа (мифологиялыққа) деген бетбұрыс әлемдік әдебиет пен өнердің басым бағыттарының біріне айналды. ХІХ ғасырдағы неміс романтизмі мен ХХ ғасырдағы орыс әдебиетінің күміс ғасырындағы неоромантизмінде өткен замандардағы көне мифологиялық сюжеттерге деген құмарлық пен қызығушылық айқын көрініс тапты.

Түркі халықтарында да ежелгі эпсаналарға, хикая қиссаларға деген қызығушылық толастаған емес. Ислам кең қанат жайып, дүниетанымдық басымдылыққа ие болғанымен, көне түсініктер мен наным-сенімдер халық жадынан тыс қалмады. «Көр оғлы», «Қорқыт Ата» сияқты көптеген жыр-дастандар мен «көк бөрі», «көкжал» тәрізді архетиптік тотемдік образдар, халық ертегілеріндегі ізгілік және зұлымдық иелерінің бейнесі халықтық мәдениеттің терең қабаттарынан әлсін-әлсін ұжымдық сананың үстіртіне сыналап еніп отырды. Көп жағдайда бұл жаншылған рухқа жан бітіріп, тамырына қан жүгіртті, қанатын қомдап, еркіндік көгіне самғауға ынталандырды.

Жаңа пұтшылдықты мәдениеттанулық парадигма аясында қарастырғанда ойлаудың мифологиялық және мифологиялықтан тыс (немифологическое) типтері туралы айтқанымыз дұрыс болар. Ойлаудың мифологиялықтан тыс типіне табиғатты сезіну, адам мен табиғат қатынасын жанды тіршілік иелерінің қатынасы ретінде қарастыру тән. Жаңа пұтшылдық мифологиясы табиғатты тірі организм, жаны мен тәні бар тіршілік ретінде қарастырады. Табиғи ортадан жаттанған, оны бөтенсіген, пайда мен игіліктің көзі деп қарастырып, тоқырауға бой алдырған қазіргі адамзат үшін бұл тартымды идея екені сөзсіз. Әрине, қоршаған дүние мен адам арасын үйлестіруге талпынған бұл ұмтылыс адам үшін қажет. Бірақ тарих сағатының тілі кері қарай бұрылмайтыны да хақ. Сондықтан адам мен ғарыш қатынасын рационалдық тәсілдер арқылы реттеудің де болашағын жоққа шығара алмаймыз.

Ескі наным-сенімдер мен мифологиялық дүниетанымдық образдарды, рәміздерді жаңғырта отырып, қазіргі заманғы ақын-жазушылар батыстық рационалистік өркениет үлгісіндегі адам мен қоғам болмысының сыңар-

жақтылығын, дискреттілігін сынға алады. Жаңа діни сана мәденилік пен табиғилықты, осы дүниелік пен тылсым тіршілікті мистикалық біртұтастықта біріктіруге, өмір мен болмысты осы тұтастықта түсінуге және түсіндіруге талпынады. Ресейлік мәдениеттанушы М. Пушная жаңа пұтшылдықты жаңа дәуір үшін жаңа дінді қалыптастыруға бағытталған талпыныстың ерекше идеологиялық формасы ретінде қарастырады. Оның тұжырымдауынша «жаңа пұтшылдық техногендік өркениеттің өмірдің барлық салаларын жаппай жаулауына берілген жауап», ол «ретроутопия» механизмінің іске қосылуының алғышарттарын қалыптастырады [4].

Бірқатар зерттеушілер жаңа пұтшылдықты постмодерн мәдениетіндегі классикалық құндылықтардың трансформациялануымен байланыстырады. Постмодерн осыған дейін қоғамдық сананың перифериясында болып келген мәдени түсініктерге мән беріп, олардың да «өмір сүру», «болу» құқын дәйектеуге талпынады. Плюрализмді методологиялық принцип ретінде жариялаған постмодерн діни бейсананың қараңғы қойнауларындағы түсініктерді «жарыққа» шығарды, плюрализмнен қуат алған діни сана өзін жаңа формада бейнелеп, жаңа шабыт көздерін ашты. Бұл В.А. Лекторский сияқты зерттеушілердің постмодерннің діни санасын постхристиандық деп атауына түрткі болды. Алайда, мұны таза постмодерндік құбылыс деп санауға болмайды, өйткені діни бейсаналық образдарды жаңғыртуға деген ұмтылыс дін тарихында әртүрлі мистикалық формада оқтын-оқтын орын алып отырды. Бірақ постмодерн осындай мистикалық тәжірибені ақтап, оны дәстүрлі діндердің көлеңкесінен шығаруға талпынады. XIX ғасырдың ортасындағы иррационалдық бағыттағы ойшылдардың көзқарастары мен ой тұжырымдары осы талпынысқа философиялық негіз болды. Неміс ойшылы Ф. Ницше өзінің «Трагедияның музыка рухынан туындауы» атты шығармасында Апполондық және Дионистік бастаулардың қарама-қайшылығы мен күресі туралы болжамдар жасаған еді. Апполондық бастау табиғат пен қоғамдағы орныққан үлгілердің басымдылығын, тұрақтылық пен үйлесімділікті бейнелейді. Алайда, бұл тұрақтылық пен үйлесімділік иллюзорлы, оның тұңғығында жаңа түсініктер мен идеялар, образдар мен рәміздер жасырынып жатады. Уақыт өте үйлесімділік пен тұрақтылық тоғышарлыққа ұласады, ал бұл шығармашылық ізденістің тоқырауына алып келеді. Ф. Ницшенің пайымдауынша, адам мен қоғамды тоқырау мен құлдыраудан дионистік бастау ғана құтқара

алады. Ол күні жетіп, азып-тозған қатынастар мен құндылықтарды қиратып, сүріп тастап оның орнына жаңаны орнықтырады. Ф. Ницше христиандық моральді сынап, оны адамның табиғаты мен болмысына тән құндылықтармен алмастыруға талпынады.

Қазіргі заманғы философтар мен әлеуметтанушылар постмодерндік мәдениетті дионистік бастаудың жаппай таралуымен, бұқара көпшілікті баурап алуымен сипаттайды. Дионисшілдік адамды «табиғи жан» ретінде қарастыра отырып, оның тәндік сипатына ерекше мән береді. Тән адамның дүниеде болуының, болмыс кешуінің маңызды сипаты, көрсеткіші ретінде бағаланады. Дионисшілдіктен нәр алған жаңа пұтшылдық адам тәнін және сонымен тығыз байланысты нәпсісін ақтап алады, тіпті кейін тән мен нәпсі қажеттіліктерін заңдастырып та қояды.

XX ғасырдың ортасында мәдениеттегі рухани құлдырау одан әрі тереңдей түсіп, тән мен тәндік мәселесін одан да ушықтырады. Тәндікте жаңа пұтшылдық ментальдылықтың барлық сипаттары бар және ол жыныстық еркіндікте, гомосексуалдылықта, сәндік стильде, мистцизмде, өнерде көрініс береді. Нәпсімен байланысты күнә түсінігінен босатылған тән құдайдың жаратқаны емес, адамның меншігіне айналады. Ол үшін бастысы қажеттіліктердің қанағаттануы. Тәнге деген жаңа пұтшылдық көзқарас рух пен жан және тән арасындағы байланысты үзеді. Тәнді құндылық тұрғысынан абсолюттендіреді. Тән адам болмысындағы табиғи бастаудың қайта жаңғыруының рәмізі ретінде бағаланады.

Қоғамдық өмірдің секулярлануы, яғни діннен (дәстүрлі діндерден) алшақтауы және плюралистік принциптің өктемдігі, америкалық ойшыл А. Тоффлер ескерткен «спиритуалдық қызмет нарығының» қарқынды дамуына алып келді. Жаңа пұтшылдық осы нарықтың белсенді субъектісіне айналды.

А. Тоффлердің концепциясына сай, жаңа діндердің, секталар мен культтердің пайда болуы батыс елдерінің қоғамдық дамудың жаңа сатысы – постиндустриалдық фазаға өтуін сипаттайтын өркениеттік серпілістің көрінісі. Қазіргі жаһандық әлемді жайлаған «нарық – қызмет», «сұраныс – ұсыныс» қатынасы дін саласына да әсерін тигізбей қоймады. Постиндустриалдық қоғамда дін бұрынғы сакралды сипатын жоғалтып, «ерекше тауарға» айналып барады. Нарықтың өлшемі – өтімділік, сұранысқа ие болу. Сондықтан жаңа пұтшылдықта осы нарықта табысқа жетуге талпынады.

Бұрынғы Кеңестер Одағында жаңа пұтшылдық көзқарастар мен идеялардың таралуына «барлық халықтарды бір қазанда қайнатуға» бағытталған саяси ұстаным себеп болды. «Мазмұны социалистік, формасы ұлттық мәдениетті», «кеңестік халық» деп аталатын жаңа тарихи қауымдастықты қалыптастыру талпынысы ұлттардың өзіндік бірегейлігі мен ерекшелігін қажетті деңгейде елеп-ескермеуге алып келді. Халықтың өткен тарихы мен мәдениетін танып-білуге деген талпынысы «феодализмнің» сарқыншағы, ал ескі наным-сенімдер надандық пен қараңғылықтың көріністері ретінде қарастырылды. Бірақ ресми идеология халыққа жаңа «саяси мифтерге» негізделген түсініктерді таңуға талпынғанымен күнделікті тұрмыстық, жалпы халықтық қоғамдық санада ұлттық мәдениет пен дәстүрге, тарих пен дінге деген қызығушылық толастамады. Жаңа пұтшылдықты зерделей келе, ресейлік зерттеуші К.А. Коробицына осы құбылысқа түрткі болған төмендегідей себептерге тоқталады:

- ұлттық мәдениетке деген қызығушылықтың өсуі (ұлттық тарихи тамырларды, ұлттық идеологияны анықтау, ұлттық өзіндік санын қалпына келтіру);

- мифке деген қызығушылық, мифтерді зерттеу (жаңа пұтшылдық ауылдық жерлерге қарағанда академиялық ортада көбірек пайда болады);

- жаңа пұтшылдықты сырттан қабылданған бөтен дін ретінде христианшылдыққа қарсы қою (ұлтшылдық пен антисемитизм көріністерінде қоса есептегенде);

- христиандықтың кейбір маңызды ментальдық қырларын, атап айтқанда адамның күнәһарлығы, Құдайдан қорқу мен мойынсұну қажеттілігі туралы түсініктер (әсіресе қазіргі заманда);

- жаңа пұтшылдықтың адамды өзіне баурайтын оккультизммен, магиямен, халық емшілігімен тығыз байланысы;

- қазіргі өркениетте бой алдырған экологиялық мәселелер, қоғам дамуындағы келеңсіз құбылыстарға: урбанизацияға, мегаполистердегі келеңсіз өмір салтына, адамның табиғаттан жаттануына және тағы да басқаларға белсенді қарсылық көрсету [5].

Автордың айтуынша, адамдарды жаңа пұтшылдыққа тоғышарлық, ғажапқа сену мен аңсау, тер төгіп еңбектеніп, қабілеттерін жетілдірмей-ақ билікке, мансапқа, байлық пен табысқа құпия білімнің көмегімен тез әрі жеңіл жету, денсаулығын жақсартуға деген ынтазарлық та ықпал етеді.

Жаңа пұтшылдық үшін өткеннің маңызы өте зор, сондықтан «дәстүр» ұғымы дүниетаным координатында ерекше мәнге ие болады. Адам болмысы мен санасын ата-баба дәстүрі мен заңына сай өзгертуге ұмтылған жаңа пұтшылдық көне мәтіндерге, соның ішінде діни-мифологиялық түсініктер мен рәміздерге сүйене отырып, әдет-ғұрыптар мен салт-жораларды «ескіше» ұйымдастырып өткізуге назар аударады. Олар халық тарихындағы қиындыққа толы қиын кезеңдерді ата-баба дәстүрі мен заңынан ауытқудың салдары ретінде қарастырады және қабылдайды. Тіпті кейде, қауым ішіндегі әлеуметтік, рухани қатынастарды да дәстүрге сай қалыптастыруға талпынады. Қазіргі заманғы құндылықтар өткен заманның өлшемдері арқылы бағаланады. Қазақ халқының санасында «бұрынғының адамы», «көненің көзі», «дананың сөзі» сияқты ұғымдар архетиптік мәнге ие болады. «Бұрынғының адамы» қазіргі адаммен салыстырғанда зор, кемел болып суреттеледі. Ата-бабалардың рухани әлемі қазіргі адамдыдікінен әлдеқайда бай, мазмұнды болып келеді.

Қазіргі заманғы ғылым тұрғысынан бұл идеялар мифте, уақытты мифологиялық қабылдауда адам санасындағы көне архетиптердің жаңғыруын білдіреді. Белгілі дінтанушы М.Элиаденің пікірінше барлық архаикалық діндерге «мәңгілік қайтып оралу» мифі тән [6]. Яғни миф адамды әрқашан өзінің өткен замандардағы онтологиялық, метафизикалық, әлеуметтік табырларына қайтарып отырады.

М.Элиаденің пікірінше, архаикалық адам «уақыттан үрейленеді». Оның бұл үрейі әсіресе, болашаққа қатысты өсе түседі. Өйткені болашақ анық, айқын емес, болашақ қауіп-қатерге толы. Архаикалық адамның бар болмысы өткенмен байланысты және өткен уақыттың құндылықтарымен айқындалады, ол әрқашан өткенге қайтып оралуға асығады. Архаиканың барлық әдет-ғұрыптары мен жөн-жоралғылары өткенмен байланысты. Жыл басы, қайта жаңғырған табиғат құрметіне арналған мерекелер сакральды уақыт туралы түсініктерді санаға сіңіріп отырады.

Әрине, қазіргі заманғы жаңа пұтшылдыққа да осындай сипаттар тән деп айтуға болмайды. Қазіргі жаңа пұтшылдықта да «дәстүр» мен «ата-бабалар сенімі» дүниетаным мен ментальдылықтың өзегі, адам мен қоғам болмысын өзгертудің және жаңа пұтшылдық жобаға сай қайта жаңғыртудың құрылым құраушы элементі болып табылғанымен, олар трансформациялауға өте икемді, бейім болып келеді. Қазіргі заман тала-

бына сәйкес «дәстүр» мен «сенімге» де өзгерістер енгізіледі, кейде жаңапұтшылдық көне сенім мен дәстүрді жаңғыртып қана қоймай, жаңа дәстүрді қалыптастырады, бірақ оны ескінің жалғасы ретінде түсіндіреді. Жаңапұтшылдыққа «тарихты ұзату», ұлттық санадағы табиғатпен үйлесімділік идеясын тереңдету, ұлттық сана мен идеологияны төлтума дін мен ілкі тектің ізгілігі сияқты концептілер айналасына шоғырландыру тән.

Қазіргі заманды сынағанда жаңапұтшылдық техногенді өркениеттің жетістіктерін теріске шығармайды, керісінше осы жетістіктерді жаңартылған (немесе қайта жаңғыртылған) руханилықпен сабақтастыру қажеттілігіне назар аударады. Олардың пайымдауына осылай түсінілген руханилық қазіргі өркениеттің келеңсіз жақтарын бейтараптандырып, адам игілігіне қызмет ете алады. Дегенмен қазіргі заман өткен мен болашақтың түйіскен тұсы, сондықтан қазіргі уақытты жаңапұтшылдық көбінесе өткеннің призмасы арқылы қабылдайды және дәстүр тұрғысынан бағалайды.

Қазіргі уақыт ғарыштық эволюцияның сатысы ретінде қарастырылады. Жаңапұтшылдық космологиясында бір ғарыштық кезеңнің аяқталуы заңды құбылыс, өйткені ғарыштық дәуірлер қайталанып отырады. Әрбір ғарыштық циклдың өзіндік ерекшеліктері бар, адамзат тағдырындағы маңызды оқиғалардың барысы да осы циклдық ерекшеліктермен айқындалады. Көп халықтардың архаикалық түсінігінде он екі санына ерекше мән беріледі. Қазақ архаикалық уақыт түсінігі де осы санға негізделген. Он екі жылды бір мүшел деп атайды. Әр мүшелде адам организмінде маңызды өзгерістер орын алады. Архаикалық дүниетанымда ғарышта өзінің эволюциясында осындай кезеңдерден өтеді. Жаңапұтшылдар 2012 жылды ғарыш дамуындағы осындай кезең ретінде қарастырды, мысалы көне майялықтар күнтізбесіне сүйене отырып кейбір дін өкілдері (көбінесе дәстүрден тыс оккультік) ғарыш пен адамзат жаңа сатыға өтті деп мәлімдеді. Жаңапұтшылдықта архаикалық космология әрқашан көне астрологиямен қатар жүреді. Осындай кездерде аспан денелерінің қозғалысы мен орналасу тәртібіне қарап әртүрлі болжам жасайтын сәуегейлердің белсенділігі артады.

Қазіргінің ерекшелігі оның болашақпен байланыстылығында, болашақтың бейнесін анықтайтын іс-әрекеттер осы шақта жасалады. Болашақты жаңапұтшылдықтың бәрі бірдей біржақты келеңсіз ретінде сипаттамайды. Олардың болашақ туралы көзқарастары мен түсініктерін үш топқа бөліп қарастыруға болады:

– бірінші топтағылар болашақтан қауіптенеді. Олардың пікірінше, адамзатты зор апаттар күтіп тұр, қазіргі адамзат немесе өркениет өзінің тіршілік етуін тоқтатады, олардың орнын жаңа адамзат нәсілі жалғастырады немесе тіршілік басқа планетада пайда болады;

– екінші топтағылар болашақты күрделі, көп бағытты үдеріс ретінде қабылдайды. Болмыстың соңын (ғарыштық циклдың аяқталуын) олар Құдайдың қаһарынан туындайтын жазмыш деп емес, өткенді саралап, болашақты бағамдайтын кез деп түсінеді. Болашақ регрессивті де, прогрессивті де болуы мүмкін. Бұл адамзаттың рухани дамуына тәуелді. Егер жан мен рух дамудың төменгі сатысына бет алса, болашақ келеңсіз, ал ол рухани және материалдық дамудың жоғары сатысына көтерілсе жарқын болады;

– үшінші топтағылар адамзат жіберген қателіктерін түсініп, өзін жетілдіріп, Жер Ананы аялап, күтсе, өркениет те гүлденіп, дамиды деп санайды.

Жаңапұтшылдықты уақыт категориясы тұрғысынан қарастыру оны біржақты жаман құбылыс деп қарастырмау қажеттілігін алға тартады. Осы көзқарас позициясынан жаңапұтшылдықты қазіргі адамзаттың рухани ізденісіндегі бір бағыт деп түсінген дұрыс. Қазіргі жаңапұтшылдық адамға басқаша көзқараспен қарап, өз болмысының құндылықты бағдарларын анықтауға да мүмкіндіктер береді. Діни-мифологиялық жүйе ретінде ол адамды сакральдылықпен, трансценденттілікпен байланыстырады. Жаңапұтшылдық дәстүр арқылы ескі құндылықтарды (көбінесе, этностың архетиптік дүниетанымы мен ментальдық ерекшеліктерімен байланысты) қайта жаңғыртуға талпынады, ал кейде ескі құндылықтар туралы көзқарастар мен түсініктердің негізінде жаңа дәстүрге бастау береді. Болашаққа қатысты екінші және үшінші топтарға тиесілі жаңапұтшылдық өкілдері адамзатты өз тағдырының иесі деп қарастырып, болашақ үшін жауапкершілікті адамзаттың өзіне артады және Құдайдан сұрап, қол қусырып отырмай, белсенді әрекет етуге шақырады. Бұл ұстанымдар қазіргі тұтынушылық қоғамдағы адамдардың белгілі бір бөлігі үшін өте тартымды болып көрінеді. Э. Тоффлердің пікірінше қазіргі адам дағдарысты бастан кешуде, өйткені «дәстүр оған не істеу керегін айтпайды» [7]. Дегенмен адам әрқашан дәстүрге сүйенеді, дәстүрден іздейді және дәстүрден жауап күтеді. Дәстүр үзілгенде ұлт тығырыққа тіреледі, мәңгірттенеді. Сондықтан дәстүр этнос құрылымында маңызды орын алады, ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етеді. Бірақ біз шы-

найы дәстүр мен дәстүрді жамылған оккульттік-мистикалық ілімдердің арасын ажырата отырып, соңғыларынан сақтануымыз керек. Өкінішке орай, қазіргі тұтынушылық, ақпараттық қоғамда «поп-дін», яғни көпшілікке арналған дін кең таралып барады. Бұл діни жүйелер синкретті сипатта және архаикалық наным-сенімдерді оккульттік-мистикамен араластырып, адам санасын, ақыл-парасатын тұмшалап тастайды. «Поп-дін» тобырлық мәдениеттің туындысы. Адамның саналы әрекетіне иррационалдық құштарлықтар мен ұмтылыстарды қарсы қоя отырып, «поп-дін» трансценденталдық пен сакральдылық ұғымдарының өңін аударып, олар туралы жалған түсінікті қалыптастырады. Ақиқат пен жалғанның, жаман мен жақсының, ізгілік пен зұлымдықтың арасындағы айырмашылықты жойып, шындықты бұрмалап бейнелейді. Осының бәрі «поп-дін» жаңа рухани ізденіс ретінде ұсынады. «Поп-дін» жаңа пұтшылдық формасына да ене алады, ол архаикалық наным-сенімдердің мазмұнын өзгертіп, оны коммерциялық табыстың көзіне айналдырады. Қазіргі тобырлық мәдениет пен «поп-діннің» қауіптердің бірі – оккульттік-мистиканың БАҚ арқылы әрбір адамның, жанұя мен қоғамның санасына сыналап енуі. Ресей зерттеушісі В.М. Розин мистикалық және эзотерикалық

әдебиеттерді сатуға және осындай қызметтерді (жұлдыз жорамалдарды жасау, емдеу, жанды азаптан құтқару, шынайы діни сенімге әкелу) ұсынатын «іскерліктің» қалыптасқанын айтады. БАҚ құралдарында эзотерикалық және мистикалық тақырыптарға арналған хабарлар таратылады, бұл хабарлардың сыйлы қонақтары әртүрлі мистиктер мен эзотериктер, тәуіптер мен сиқыршылар. Олар өздерін жарнамалап дәрістер оқиды, семинар-тренингтер жүргізеді. БАҚ, әсіресе, теледидар адамды осындай ақпараттармен таныстырып қана қоймайды, эзотерика мен мистикаға сай келетін шындықты қалыптастырады және адамды осы шындықтың бел ортасына отырғызады. Осындай виртуалды шындық аясында адамның сезім толғаныстары ғана емес, оның ойлауы мен дүниені түйсінуі де қалыптасады.

Санасы қатып, буыны бекімеген балалар мен жасөспірімдерді айтпағанда, мұндай хабарлардың ересектердің де рухани өмірі мен психикасына салмақ салатыны жасырын емес. Соның салдарынан адам шынайы өмірден алшақтап, виртуалды әлемге енеді. Ол өзінің менінен де, әлеуметтік ортадан да жаттанады, өзіндік ойлаудан айырылып, қуыршаққа айналады. «Поп-діннің» қаупі де сонда, оны адамның рухани өмірінен гөрі, «қалтаның қалыңдығы» көбірек мазалайды.

Әдебиеттер

- 1 Резепова И.С. Неоязычество в культуре: история и современность: автореферат на соискание ученой степени кандидата философских наук. – Ростов н/Д, 2005. – С. 3.
- 2 Сморгжевская О.А. Ученые о неоязычестве: краткий обзор публикации. – Киев: Киевский национальный университет им. Тараса Шевченко, 2014. – С. 45.
- 3 Арчаков М.К. Проявления экстремизма в деятельности неоязыческих организации. Благовещенский государственный педагогический университет. – С. 141.
- 4 Сморгжевская О.А. Ученые о неоязычестве: краткий обзор публикации. – Киев: Киевский национальный университет им. Тараса Шевченко, 2014. – С. 46.
- 5 Корибицына К.А. Неоязычество как возрождение языческой веры. Сумма философии. – С. 124.
- 6 Элиаде М. Миф о вечном возвращении. – СПб., 1998. – С. 45.
- 7 Тоффлер Э. Футурошок. – М., 1997. – С. 15.

References

- 1 Rezepova I.S. Neojazychestvo v kul'ture: istorija i sovremennost': avtoreferat na soiskanie uchenoj stepeni kandidata filosofskih nauk. – Rostov n/D, 2005. – S. 3.
- 2 Smorzhevskaja O.A. Uchenyye o neojazychestve: kratkij obzor publikacii. – Kiev: Kievskij nacional'nyj universitet im. Tarasa Shevchenko, 2014. – S. 45.
- 3 Archakov M.K. Projavlenija jekstremizma v dejatel'nosti neojazycheskih organizacii. Blagoveshhenskij gosudarstvennyj pedagogicheskij universitet. – S. 141.
- 4 Smorzhevskaja O.A. Uchenyye o neojazychestve: kratkij obzor publikacii. – Kiev: Kievskij nacional'nyj universitet im. Tarasa Shevchenko, 2014. – S. 46.
- 5 Korobicyna K.A. Neojazychestvo kak vozrozhdenie jazycheskoy very. Summa filosofii. – S. 124.
- 6 Jeliade M. Mif o vechnom vozvrashhenii. – SPb., 1998. – S. 45.
- 7 Toffler Je. Futuroshok. – M., 1997. – S. 15.